

А. Сахарбай, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институтының криминологиялық мәселелерді зерттеу бойынша орталығының бастығы, заң магистрі

ҚЫЛМЫСТАРДЫ ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУЛІК АЛДЫН АЛУДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

Аннотация. Мақалада қылмыстарды жедел іздестірулік алдын алу ұғымы зерделенеді. Қылмыстарды жедел іздестірулік алдын алуға байланысты автор қысқаша шолу жасап, оның маңыздылығын белгілейді.

Түйін сөздер: қылмыстар, алдын алу, жедел іздестіру, профилактика.

Құқық бұзушылықты алдын алу — бұл, құқық бұзушылықтың жасалуына септігін тигізетін себептер мен шарттарды анықтау, зерттеу және жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтау мен нығайтуға бағытталған құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілерімен жүзеге асырылатын кешенді құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар¹.

Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін оның орын алуына себеп болатын шарттарды, себептерді, жүзеге асыруы мүмкін тұлғаларды болжау қажет етіледі.

Криминологиялық болжаудың басты міндеті — қылмыстылықтың орындалу факторларына әсер ететін тұрақты құбылыстарды анықтау. Ол өз кезегінде қылмыстылықтың кең тараған түрлерімен күрес бойынша шараларды жедел іздестірулік болжау мен жоспарлаудың қажетті алғышарты болып табылады. Соңғы жылдардың криминологиялық зерттеулері жедел іздестіру қызметі (ЖІҚ) теориясының өкілдеріне қылмыстардың жедел іздестірулік алдын алудың құқықтық және ұйымдастырушылық–тактикалық негіздерін заманауи деңгейде зерттеуге мүмкіндік берді. Жедел іздестірулік алдын алу өзінің зерттеу объектісі ретінде қылмыстылықты айқындай отырып, жедел іздестірулік жолмен анықталған жақтарды ғана зерттейді. Яғни, қылмыстың орындалуына жол бермеу мақсатында жедел іздестіру қызметінің тиімді әрекеттері арқылы қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларға әсер етеді.

Жедел іздестірулік алдын алудың басты ерекшелігі — жедел іздестірулік тіркеулерге негізгі себеппен алынған тұлғаларға қатысты орындалатын шаралар арнайы ақпараттық камсыздандырумен қосақталып жүреді.

Жедел іздестірулік алдын алу ЖІҚ-нің өз бетінше бөлек бағыты ретінде анықтала отырып, жеке және жалпы деңгейлерде құқық бұзушылықты әлеуметтік алдын алудың арнайы жүйесі болып табылады. Осылайша криминология ғылымы ЖІҚ теориясымен органикалық байланысы туындайды².

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 3-бабына сәйкес құқық бұзушылықтың алдын алу құқық қорғау органдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қылмыстарды алдын алуға байланысты шаралар көптеген авторлармен зерделенген, ойға қонарлық сан алуан ұсыныстар да берілген.

Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңының 2-бабына сәйкес қылмыстарды ескерту, жолын кесу, қылмысқа қарсы күрес құқық қорғау органдарының міндеттерінің қатарына жатқызылған. Яғни, аталмыш Заңда нақты «алдын алу» сөзі қолданылмаған. Бірақ, пайымдауымызша «қылмысты ескерту» және «алдын алу» ұғымдары біртекті болып табылады. Сондықтан «жедел іздестірулік алдын алу» ұғымы көрсетілген заңдар шеңберінен тыс шықпайды және мұндай ұғымды қолданудың толық негізі бар.

Алғашқы рет «қылмыстарды жедел іздестірулік алдын алу» ұғымын 60-шы жылдары В. Г. Самойлов қолданған болатын. Оның пікірінше, қылмыстарды жедел іздестірулік алдын

алу — қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларға қатысты жеке алдын алу шараларын жүргізуге бағытталған ведомстволық нормативтік актілермен реттелген жедел аппараттардың қызметі³.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жедел іздестірулік алдын алуға қатысты еңбектер айтарлықтай көп емес. Дегенмен, аталған тақырыпқа қатысты еңбектерді кездестіруге болады. Оның ішінде, Ш. Ш. Шаяхметовтың түзеу мекемелеріндегі жедел іздестірулік алдын алуға қатысты еңбектерін атауға болады. Оның пікірінше, жедел іздестірулік алдын алуды тиімді жүргізу үшін осы салаға байланысты нормативтік-құқықтық базаны жақсарту қажет. Сонымен қатар жедел іздестірулік алдын алуды жариялы нысандармен тығыз әрекеттестіре отырып, жасырын түрде де жүргізуге болады⁴.

Автордың ойын толық түсінуге болады. Өйткені, Қазақстан Республикасының Қылмыстық (35-б.) және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің (30-тарау, 232-б.) тиісті баптары жасырын әрекеттердің орындалуына жол береді.

Біздің пікірімізше, аталмыш салаға қатысты нормативтік-құқықтық база ретінде Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылықты алдын алу туралы» Заңы көрініс табады. Аталған Заңның 4-бабына сәйкес құқық бұзушылықты алдын алудың қағидаларының бірі — жариялылық. Осыған орай, жедел іздестірулік алдын алуды жасырын түрде жүргізуге болмайтындығын түсінеміз. Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа алатын болсақ, онда осы жерде үлкен қарама-қайшылықтың туындап отырғанын көреміз.

Көрсетілген дәйектемелердің басымдылықтары мен тиімділіктерін салыстыра отырып, жедел іздестірулік алдын алуды жасырын да, жариялы да жүргізуге болатын мүмкіндіктерді қарастырған жөн деп пайымдаймыз.

Сонымен, қылмыстарды жедел іздестірулік алдын алу дегеніміз — бұл құқыққа қайшы әрекеттерді болдырмау мақсатында орындалатын жедел іздестіру қызметінің жасырын немесе жариялы нысандарында жүзеге асырылатын іс шаралар кешені.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы, связанные с определением понятия оперативно-розыскной профилактики, а также методы ее осуществления.

RESUME

In this article examined questions the concepts of operatively-search prophylaxis, and also methods of her realization, related to determination.

-
- ¹ Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылықты алдын алу туралы» Заңының 1-бабы, 4-п. // online.zakon.kz
- ² <http://www.bnti.ru/showart.asp?aid=989&lvl=05>
- ³ Самойлов В. Г. Некоторые проблемы совершенствования оперативно-розыскной деятельности // Труды ВШ МВД СССР. Вып. 9. — М., 1972. — С. 135.
- ⁴ Шаяхметов Ш. Ш. Роль и значение оперативных подразделений исправительных учреждений в профилактике пенитенциарной преступности // Правовая реформа в Казахстане. — Алматы, 2009. — С. 62-68. http://www.elibrary.kz/download/zhurnal_st/st4610.pdf